

**№24 «Ұшқын» негізгі орта білім беретін мектебіндегі
ата-аналармен өткізілген жиналысының**

Хаттамасы №3

26.12.2023 жыл

Ұшқын ауылы

Қатысқандар: Ата – аналар, мектеп ұжымы.

Күн тәртібінде:

1. II тоқсан қорытындысы. /Б.Султанов, У.Кулдасова/
2. Пиротехникалық қауіпсіздікті сақтау.
3. Әртүрлі мәселелер.
4. Қысқы демалыс күндеріндегі оқушылардың өмір қауіпсіздігі.

Тыңдалды:

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша, мектеп директорының тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Б.Султанов сөз бастады.Құрметті ата-аналар келе жатқан 2024 жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтаймын.Дендеріңізге саулық, отбасыларыңыз амандық тілеймін деп жылы лебізін білдірді.Ал, құрметті ата-аналар II тоқсанды қорытындылайтын болсақ, оқушыларымызда I тоқсанға қарағанда айтарлықтай өзгерістер бар.Мектеп формасы жақсы, тәрбие жағынан да ұқыпты, кей оқушыларымыз тазалық жағынан сәл нашарлау болып жатыр.Осы мәселені қолға алсақ ата-аналар.Сабақтан қалу, кешігу жағына тоқтолар болсақ.II тоқсанда оқушылар көп қалған жоқ.Балдарыңызды ертерек жіберсеңіздер сабаққа.Ешқандай құқықбұзушылық орын алған жоқ, ешқандай зорлық – зомбылық жағдайлары тіркелмеді, суйцид орын алған жоқ.Мектепте арнайы топ құрылған осы аталған мәселер бойынша мониторинг құрып отырамыз.Ендігі мәселе кәмелетке толмағандардың арасында ата-аналардың бала еңбегін қанаудың, түнгі уақытта көшеде жүрудің алдын алу мақсатында профилактикалық түсіндіру іс-шаралары жүргізіліп отыр.Қазіргі таңға дейін бұл мәселе бойынша жауапқа тартылғандар жоқ, алайда сақ болыңыздар.

Кейінгі сөз кезегін педагог – психолог У.Кулдасова алып.Құрметті ата-аналар қазіргі таңда зорлық – зомбылық қатты өршіп бара жатыр.Соның бәрі баланың қадағалауынсыз қалуынан болып жатыр.Сіздер балдарыңызды жалғыз тастамаңыздар, онымен сырласыңыздар, ішкі жан дүниесін тыңдауға әрекет жасаңыздар, жылы сөйлеңіздер, ұрмаңыздар, ұрыспаңыздар, бір сөзбен айтқанда балдарыңызбен тығыз қарым – қатынас жасаңыздар. Балдарыңызға барынша жылулықпен қараңыздар деп, өз сөзін аяқтады.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі орынбасары Б.Султанов пиротехникалық қауіпсіздікті сақтау шаралары туралы түсіндерме жұмыстарын жүргізді:

Пиротехниканы сатып алу кезіндегі ұсыныстар:

Пиротехникалық бұйымдарды тек лицензиясы бар дүкендердің арнайы бөлімдерінен сатып алған жөн. Температуралық режимдерді, ылғалдылықты сақтамаудан алынған пиротехника қолдарында жұмыс істемеуі мүмкін. Бұйымдарда сәйкестік сертификаттары, сондай-ақ қолдану жөніндегі егжей-тегжейлі нұсқаулықтар болуы тиіс.

Қолдану жөніндегі нұсқаулық мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:

- * тұрмыстық пиротехникалық бұйымның атауы;
- * қолдану шарттары;
- * қолдану кезіндегі шектеулер;
- * қауіпсіз дайындау, іске қосу және кәдеге жарату тәсілдері;
- * тұрмыста сақтау ережелері;
- * кепілдік мерзімі және дайындалған күні;
- * тұрмыстық пиротехникалық бұйымның қауіптілігі туралы ескерту;
- * Өзге де жағдайлар туындаған және істен шыққан жағдайдағы іс-әрекеттер;
- * өрт кезіндегі әрекеттер;
- * дайындаушының деректемелері;
- * сертификаттау бойынша ақпарат және бұйымның ерекшелігіне байланысты басқа да мәліметтер.

Пиротехниканы пайдалану кезінде тыйым салынады:

- жабық үй-жайларда, пәтерлерде пиротехникалық бұйымдарды пайдалану, балкондар мен лоджиялардан фейерверктер жіберу;
- жарамдылық мерзімі өтіп кеткен немесе зақымданудың көрінетін белгілері бар бұйымдарды пайдалану (орамның бұзылуы);
- қолдану жөніндегі нұсқаулықта көзделмеген кез келген әрекеттерді жүргізуге, сондай-ақ пиротехникалық бұйымдарды бөлшектеуге және қайта жасауға;
- суға батқан пиротехникалық бұйымдарды жылыту аспаптарында және ашық от жанында кептіруге;
- бұйымды қолдан іске қосу және бұйымдарға олардың жұмысы тоқтатылғаннан кейін 5 минуттан бұрын жақындау;
- білтені тұтату кезінде бетке жақын ұстау (білтені қол созылып тұрған қашықтықта жағу қажет);
- қатты жел кезінде пиротехниканы қолдану (5 м / с артық);
- Фейерверктер адамдарға, жануарларға бағыттауға, петардтарды аяққа лақтыруға;
- от шашылған фейерверктерді еңкейтуге;
- жұмыс істемейтін пиротехникалық бұйымдарды өртеуге (оларды 2 тәулікке дейінгі мерзімге суға салу қажет, содан кейін тұрмыстық қоқыспен кәдеге жарату қажет).

Егер қоғамдық орындарда яғни сіздер басқарып отырған мектеп,

балабақша жоғарғы оқу орындарында өрт шықса өрт орнын мекенжайыңызды көрсете отырып 101 немесе 112 нөміріне хабарласып, үйдегі адамдардың жоқтығына көзжеткізу қажет. Өз өміріңізге қауіп төнген жағдайда жанып жатқан бөлменің терезесін және есігін тығыз жауып қауіпті аймақтан шығып кету қажет. Сонымен қатар құнды құжаттарды алып шығыңыз. Егер сізде жанып жатқан бөлмеден шығуға мүмкіндігіңіз болмаса терезеге жетуге тырысыңыз өрт сөндірушілер назарын олар сіздің орналасқан жеріңізді білуі үшін аударыңыз, деп ескертулер жасады.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе бойынша М.Асанова, Г. Жакыпова, А.Рахимбердиев, сынып жетекшілер өз мәселелері бойынша тоқтала кетті.

Күн тәртібіндегі төртінші мәселе бойынша директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Б.Султанов былай деді, алдымызда ІІІ тоқсанға дейін 1 апта демалыс. Осы демалыс аралаығында құрметі ата-аналар мектеппен бірге жасаған, келісім шарт негізінде жұмыс жасаймыз. Балдарыңызға демалыс күндері жауапты сіздерсіздер, жауапкершілікпен қараңыздар. Ертең бір мәселе туындап отырмасын. Күнделікті рейдтік іс – шаралар жүргіземіз, арнайы рейттік топ мүшелерімен деп, сөз соңын қорытындылады. Алдымызда мереке, құқықбұзушылықтардан, зорлық – зомбылық, өз-өзіне қол жұмсаулардан сақ болайық.

Шешім:

1. ІІ-тоқсан қорытындысы «қанағаттанарлық» деп табылсын.
2. Пиротехникалық қауіпсіздікті сақтау шаралары қолға алынсын.
3. Оқушылардың мектептегі оқу үлгерімін, тәртібін қадағалау сынып жетекшісіне жүктелсін.
4. Демалыс күндеріндегі оқушылардың өмір қауыпсіздігі келісім шарт негізінде орындалсын.

Жиналыс төрағасы:



Б.Султанов

Хатшы:



М.Асанова

